

**"Футболға Mastercard-пен бірге барамыз" науқанын өткізу  
және оған қатысу ережелері**

(бұдан әрі-Науқан ережесі)

**1. Науқан ұйымдастырушысы** - "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі-Банк).

**2. Науқанға қатысушылар:**

Банк клиенттері- Банк шығарған Mastercard төлем карточкаларын ұстаушылары болып табылатын жеке тұлғалар;

**3. Науқанға қатыспайтындар:**

Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар, аффиленген тұлғалар, науқан басталған кезде 18 жасқа толмаған тұлғалар, банк қызметкерлері, ҚР бейрезиденттері, оның ішінде тұруға ықтиярхаты бар тұлғалар, корпоративтік карталар.

**4. Жүлде қоры:** Алматы қаласында 30.09.2025ж. өтетін Кайрат – Реал Мадридматчының билеттері

- 6 дана

Билет санаттарын Банк табыстау кезінде дербес анықтайды.

Ойнатылатын билет санын Банк өзгерте алады.

**5. Науқан кезеңі:** 2025 жылғы 15 қыркүйек Астана қ. уақытымен 00 сағаттан 00 с.-ден 2025 жылғы 15 қыркүйек 23 сағат 59 минутке дейін (бұдан әрі-Науқан кезеңі).

**6. Науқан ҚР бүкіл аумағында әрекет етеді.**

**7. Науқан механизмі:**

- науқанға қатысу үшін науқан кезеңі бойы Банк шығарған Mastercard төлем карточкасын пайдалана отырып, бүкіл әлем бойынша кез келген сауда-сервис кәсіпорын тауарлары мен/немесе қызмет ақысын қолма-қол ақшасыз кемінде жиыны 90 000 (тоқсан мың) теңгені құрайтын сомаға сатып алып, науқан бойы кемінде 11 транзакция жасау керек.

Әр 90 000 теңге (11 транзакция) = ұтыс ойынға қатыстыратын 1 мүмкіндік;

- жүлдені жеңіп алған жеңімпаздарды Банк Ереже шарттарын толық орындаған науқанға қатысушы санынан анықтайды (негізгі және резервтік). Ұтыс ойын трансляциясы Instagram парақшасындағы @eurasianbank әлеуметтік желіде Банктің ресми аккаунтында 2025 жылғы 26 қыркүйек күні сағат Астана уақыты бойынша 16.00-де тікелей эфирде өтетін болады;

- барлық санат бойынша ұтыс ойын жеңімпаздары Instagram парақшасындағы @eurasianbank әлеуметтік желіде Банктің ресми аккаунтында тікелей эфирде реттік нөмірлерін <https://www.random.org/> сайты арқылы кездейсоқ түрде анықталатын болады;

-жеңімпаздарға ұтыстары туралы телефон арқылы хабарланады.

Науқан жеңімпаздарының билеттері тапсыру қабылдау-тапсыру актілері бойынша табыс етіледі.

- әрбір негізгі жеңімпазға екі резервтік жеңімпаз анықталады;

- егер жеңімпаздар Банк хабарламасына 1 жұмыс күні ішінде (3 телефон қоңырауы) жауап бермеген жағдайда немесе жүлдеден бас тартқан жағдайда, Банк бірінші резервте тұрған жеңімпазға хабарласады, бірінші резервтік жеңімпазбен байланысу мүмкін болмаған

жағдайда немес ол жүлдеден бас тартқан жағдайда, екінші резервтік жеңімпазбен байланысқа шығады.

Негізгі және резервтік жеңімпаздар жүлдеден бас тартқан немесе жеңімпаздармен байланыса алмаған жағдайда, Банк ұтыстың күшін жою және тізімге сәйкес адамдарға билеттерді өз қалауы бойынша беру құқығын өзіне қалдырады.

**- Жеңімпаз саны:**

- Банктің 6 клиенті (6 негізгі және 12 резерв);
- сатып алу саны мен сомасы шектелмейді;
- науқан кезеңі: 2025 жылғы 15 қыркүйектен 2025 жылғы 25 қыркүйекке дейін (қоса алғанда).

8. Науқанға қатысу ерікті (келісіммен) түрде жүзеге асырылады және Банк қатысушының дербес деректерін Науқан ережелерінде көзделген тәртіпте кез келген тәсілмен өңдеуімен келіскен қатысушының саналы түрде берген келісімі болып табылады.

9. Науқан ережелерінің мақсатындағы дербес деректер деп белгілі бір немесе айқындалатын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) тікелей немесе жанама қатысты кез келген ақпарат түсініледі.

10. Банк кез келген сәтте науқанның қолданысын тоқтатуға, қатысушыларды науқанға қатыстырмауға немесе науқанға қатысушыларды алдын ала хабардар етпестен, оған өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы.

11. Банкке қатысы жоқ кез келген себептер бойынша жеңімпаз жүлдені ала алмағаны үшін Банк жауапты болмайды.

12. Банк жеңімпаздардың алған жүлделерін одан әрі пайдаланғаны үшін жауапты болмайды.

13. Науқанның барлық нәтижелері, сондай-ақ Банктің Науқан жөніндегі шешімдері нақты болып табылады да, оған шағымдануға рұқсат жоқ.